



«БЕКІТЕМІН»  
КРУЖБМ «Ұлттық тестілеу  
органдының» РМҚК директоры

*Р.Т. Емелбаев*

2023 ж.

**«Балаларды музыкаға тәрбиелеу әдістемесі» пәні бойынша  
Педагогтердің білімін бағалауға арналған  
тест спецификациясы  
(2023 жылдан бастап қолдану үшін)**

- Мақсаты:** Техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білімнің білім беру бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарында жұмыс істейтін педагогтерді аттесттаттау барысында педагогтердің білімін бағалауға арналған тест тапсырмалырын әзірлеу.
- Міндеті:** Педагогтердің біліктілік деңгейінің біліктілік талаптарға сәйкестігін анықтау.
- Мазмұны:** «02150400 – Хорды дирижерлау» мамандығы 4S02150401 - Хормейстер, оқытушы біліктілігіне арналған «Балаларды музыкаға тәрбиелеу әдістемесі» пәні бойынша педагогтерді аттестациялауға арналған тест.

| <b>№</b>  | <b>Тақырып</b>  | <b>№</b> | <b>Тақырыпиша</b>   |
|---|---|----------|---|
| 01  | Қазақстандағы музыкалық тәрбие беру тарихы                          | 01       | Қазақстанда музыкалық тәрбиенің қалыптасуы  |
|   |   | 02       | Қазақстанның танымал хор дирижерлары  |
|   |   | 03       | Музыкалық тәрбие беруде қазақ композиторларының, музыкант-оқытушыларының қосқан үлесі   |
|   |   | 04       | Қазақстанның қәсіби хор ұжымдары және хор мәдениетінің дамуы  |
| 02  | Жақын және Алыс шетелдердегі музыкалық тәрбие беру тарихы           | 05       | Музыкалық тәрбие берудегі әртүрлі оқыту әдістеріндегі авторлары   |
|   |   | 06       | Атақты К.Орф, З.Кодай, Б.Тричков, Э, Жак -Далькроза музыкант-оқытушыларының музыкалық жүйесі                                      |
| 03  | Музыкалық дамудың психофизиологиялық ерекшеліктері.                 | 07       | Білім алушылардың жас ерекшеліктері. Жалпы сипаттама  |
|   |   | 08       | Кіші мектеп жасы, жасөспірімдер жасы. Мутация белгілері   |
| 04  | Музыкалық тәрбие беру мазмұнының негізгі элементтері                | 09       | Мектептегі музыка тәрбиесі мен оқыту әдістері   |
|   |   | 10       | Қызмет түрлеріндегі музыкалық дағдылары мен білім Музыкалық тәрбие берудің мақсаттары мен міндеттері                              |
| 05  | Балалар хор ұжымымен жұмыс істеудің әдістері                        | 11       | Әншілік мәдениетті тәрбиелеудің мақсаттары. Хор шығармаларын үйрету әдістері  |
|   |   | 12       | Көпдауыстылықпен жұмыс. Хордағы құрылым. Сүйемелдеусіз ән айту  |
|   |   | 13       | Балалар дауыс аппаратының қойылымы<br>Балалар дауысының сапалы үндестігі  |
| 06  | Орта білім берудің жаңартылған мазмұны жағдайындағы заманауи мектеп | 14       | Б. Блум таксономиясы бойынша білім алушылардың қызмет бағыттары. Блум бойынша білім алушылардың 6 деңгейі.<br>Критериалды бағалау |
| 07  | Музыка мұғалімінің музыкалық-педагогикалық қызметі                  | 15       | Музыка мұғалімінің қызметі  |
|   |   | 16       | Музыка мұғалімінің басымдық қәсіби қасиеттері   |
| <b>Мәннәтіндік тапсырмалар</b> (мәтін, кесте, графика, статистикалық ақпараттар, суреттер және т.б.). |   |          |   |

#### **4. Тапсырма мазмұнының сипаттамасы.**

«Балаларға музикалық тәрбие беру әдістемесі» курсы музикалық колледждерінің хорда дирижерлау бөлімдеріндегі оқу жоспарының маңызды мамандықтарының бірі болып табылады. Онда арнайы және музикалық-теориялық курстарының білімдері қорытындыланады. Жүйеленген музикалық-теориялық және әдістемелік білімдер мектептегі тәжірибелік жұмыс үшін қажет. Кәсіби деңгейдегі мәселелерді шешу:

- тарихи музикалық, оқытушылық және дирижерлық хор дайындығына сүйену арқылы;
- балалармен, жасөспірімдермен жұмыс істеу әдістемесі мен формасы, ұйымдастыруы, мазмұны туралы білім арқылы;
- болашақ балалар хорының жетекшілерінің, мектеп, гимназия, лицей музика мұғалімдерінің қажетті дағдылары мен қабілеттерін тәрбиелеу арқылы қол жеткізіледі.

«Балаларға музикалық тәрбие беру әдістемесі» пәні бойынша тест құрылымы мен тапсырмасының мазмұны ғылыми және теориялық негіздерді қамтиды. Оқытушылардың білімін келесі такырыптық жоспар бойынша бағалау:

**Қазақстандағы музикалық тәрбие беру тарихы** – оқытушы-новаторлардың, оқытушы-музыкант-зерттеушілердің, және де Қазақстан өнерінің көрнекті тұлғаларының музикалық тәрбие беруді қалыптастыру мен дамыту туралы білімдерін қоса алғанда тарихи сипаттамадағы мәселелер қаралады.

**Жақын және Алыс шетелдердегі музикалық тәрбие беру тарихы** – Золтан Кодай, Карл Орф, Борис Тричков, Э. Жак-Дальクロз композиторлары авторы болып табылатын музикалық тәрбие беру жүйесінің мәселелері. Ресей оқытушы-зерттеушілерінің музикалық тәрбие беруді оқытудың ертүрлі әдістері.

**Музикалық дамудың психофизиологиялық ерекшеліктері** – бастауыш мектеп оқушыларының психофизиологиялық ерекшеліктерін білу, оқу жүйесін дұрыс құру мүмкіндігі, арнайы жас ерекшелігіне сай қажетті музикалық оқу репертуарын дұрыс таңдау. Дауыс аппаратының ерекшелігі (қысқа әрі жұқа дауыс қатпарлары, аз сыйымдылықтағы өкпе). Жоғарғы баста дыбысталады, женіл сипатталады, «куміс» тембрі (әсіресе үлдарда), бірақ тәмбрлік қанықтылық жоқ.

**Музикалық тәрбие беру мазмұнының негізгі элементтері** – музика сабагында (музыка тыңдалуы, орындаушылық, шығармашылық, музикалық-теориялық) музикалық белсенділіктің түрлері туралы білім. Оқу мен дамудың музикалық әдістері. Музикалық сабак тәжірибесінде заманауи әдістерді иелену. Музика сабагының типтерінің анықтамасы, сабактың тақырыбына, мақсатына, музикалық оқыту әдістеріне сай оның құрылымы; сабакта жұмыстың заманауи формаларын қолдану.

**Балалар хор ұжымымен жұмыс істеудің әдістері** – Хорда ән айту –музыкалық өнердің ең колжетімді және массалық формаларының бірі. Музикалық және эстетикалық құрылғысы ретінде білім алушылардың эмоциялдық және моральдық құрылымына әсер етуі. Хор сабактарының әрекеттерінің көпфункционалдығы: ән айту, ырғактық, би қимылдары, бейнелі эмоционалдық, ақыл-ой жұмысы. Дауыс қоюдың жүйесі, көпдауысты ән айтудың жүйесі және вокалдық-хор шығармасымен жұмыс.

**Орта білім берудің жаңартылған мазмұны жағдайындағы заманауи мектеп – Жаңартылған білім беру мазмұнының мақсаты** – баланың жеке басын өмірдің мәні ретінде тәрбиелеу. Білім берудің жаңартылған мазмұнының бағдарламасы бойынша білім беру әдістерінің ерекшеліктері – оқыту мақсаттарын таңдау және Б.Блум таксономиясы бойынша білім алушылардың қызмет бағыттары.

**Музика мұғалімінің музикалық-педагогикалық қызметі** – тиімділікті қамтамасыз ететін жеке қасиеттердің болуы. Музика мұғалімінің басымдық кәсіби қасиеттері. Музикалық шеберлік, кәсіби ойлау, шығармашылық, шеберлік, кәсіби ұстаным. Музика мұғалімнің қызметі.

**5. Тесттің бір нұсқасындағы тест тапсырмаларының қындығы:** Тест тапсырмаларының қындығы 3 деңгейде беріледі: базалық деңгейде (A) – 25 %; орташа деңгейде (B) – 50 %; жоғары деңгейде (C) – 25 %.

**Базалық деңгейдегі** тест тапсырмалары қарапайым білім мен дағдыларын пайдалануға, түсушінің ең төменгі дайындық деңгейіне баға беруге, белгілі бір нұсқаулардың көмегімен әрекеттерді орындауға, қарапайым дәлелдер мен ұғымдарды пайдалануға негізделген.

**Орташа деңгейдегі** тест тапсырмалары негізгі білім мен дағдыларын дұрыс пайдалануға, жаңа жағдайларда қарапайым модельдерді тануға, деректерді талдау мен салыстыруға, жүйелеуге, дәлелдерді қолданып, ақпаратты жалпылау мен қорытынды жасау қабілеттерін бағалауға негізделген.

**Жоғары деңгейдегі** тест тапсырмалары неғұрлық курделі білім мен дағдыларын пайдалануды, тапсырмалардың курделі модельдерін тануды, мәселелерді шешу үшін білім мен дағдыларын біріктіруді, курделі ақпаратты немесе деректерді талдауды, пайымдауды, тұжырымдарды негіздеуге бағытталған.

**6. Тест тапсырмаларының формалары:** Бір дұрыс жауапты тандауға арналған жабық формадағы тест тапсырмалары.

**7. Тест тапсырмасын орындау уақыты:** Бір тапсырманы орындау ұзақтығы орташа – 1,5-2 минут.

**8. Бағалау:** Аттестация кезінде тестілеудің жиынтық балы есептелінеді.

Төрт жауап нұсқасынан бір дұрыс жауап таңдалған тапсырма үшін 1 балл, дұрыс орындалмаған тапсырмаға 0 балл алады.

#### **9. Ұсынылған әдебиеттер тізімі:**

1. Казахская музыкальная литература 1920-1980 Джумакова У., Кетегенова Н. – А. Гылым, 1995
2. Методика музыкального образования / Сост. Абдуллин Э.Б., Николаева Е.В. – М.: Музыка, 2006.
3. Теория музыкального образования / Абдуллин Э.Б., Николаева Е.В. – М.: Академия, 2004.
4. Хоровой класс. Стулова Г.П. (Теория и практика вокальной работы в детском хоре). -М. Просвещение, 1988.
5. Кафедра хорового дирижирования 1944-1989 гг. Кутунов Б., Лебедев И., Погодин С. – А, 1989.
6. Хоровое пение в Казахстане Г. Арикайнен, Алма-Ата, 1965.
7. Джумабеков Ж.И. «КНК имени Курмангазы кафедра Хорового дирижирование». – А., 2004.
8. История развития музыкального образования и воспитания в Казахстане – Астана 2011.
9. Методика методика музыкального воспитания в Казахстане Л. Айдарбекова – А. 1997.
10. Музыкальное образование в Казахстане Гизатов Б. – Алма-Ата, 1975.
11. Про трех китов и многое другое Д. Кабалевский – М. Просвещение, 1981.
12. Система музыкального воспитания учебно- методические материалы в 2х частях – Могилев МГУ им. А. Кулешова 2017. ч. 1.
13. Методика музыкального воспитания Дмитриева Л., Черноиваненко Н. – М. Просвещение, 1989.
14. Как рассказать детям о музыке Кабалевский Д. – М. Просвещение, 1978.
15. Музыкальное воспитание в странах социализма Островская А. – Л., 1975.
16. Музыкальное воспитание в Венгрии Баренбойм Л. – М., 1983.
17. Традиционная казахская песенная культура Ахметова М. – А., 1984.
18. Методика музыкального воспитания Апраксина О. – М. Просвещение, 1983.
19. Хороведение Самарин В. – М. Академия, 2000.
20. Хоровой словарь Романовский Н. – Л. Музыка, 1980.
21. Программа по музыке для общеобразовательных школ (1-3 кл) Кабалевский Д. – М. Просвещение, 1981.
22. Хоровое исполнительство Теория. Методика. Практика. – Живов М.В. – М. Владос, 2003.
23. Речевой хор Ивановский Ю. для учителей общеобразовательных школ – Санкт-Петербург Композитор, 2005.
24. Дирижерлік мектептің баспалдағы Мамбетназарова А. учебно-методического пособие – Караганда, 2021.
25. История развития музыкального образования и воспитания в Казахстане Сметова А., Мукашева А. – Астана, 2017.

26. Методология систем критериального оценивания учебных достижений учащихся Можаева О., Шилибекова А., Зиеденова Д. учебно-методическое пособие – Астана, АОО Назарбаевские интеллектуальные школы, 2017.
27. Учебные цели согласно таксономии Блума. Сборник задач и упражнений – Астана, 2015.
28. Хоровой класс и практическая работа с хором Осенниева М., Самарин В. – М. Академия, 2003.

«КЕЛІСІЛДІ»

Қазақстан Республикасы  
Оқу-ағарту министрлігінің  
Техникалық және кәсіптік  
білім департаменті

жүмыш  
(қолы) (Т.А.Ә)  
«\_\_\_» 2023ж.



